

Темір аудандық мәслихатының "2022–2024 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 156 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 214 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Темір аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Темір аудандық мәслихатының "2022–2024 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 156 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022–2024 жылдарға арналған Темір қаласы бюджеті осы шешімдегі 1, 2 және 3–қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 52 767 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 6 390 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 470 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 210 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 44 697 мың теңге, оның ішінде:

субвенция – 41 380 мың теңге;

2) шығындар – 52 929,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -162,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 162,6 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 162,6 теңге.";

3–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9-бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 19 450 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 46 302 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 20 191 теңге;
- 2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 48 032 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

мынадай мазмұндағы 5–1–тармақпен толықтырылсын:

"5–1. 2022 жылға арналған Темір қаласы бюджетінде аудандық бюджеттен 1 800 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Темір қаласы әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімдегі 1–қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық
мәслихатының хатшысы

Б. Шаимов

Темір аудандық мәслихатының
2022 жылғы 21 маусымдағы
№ 214 шешіміне қосымша
Темір аудандық мәслихатының
2021 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 156 шешіміне 1-қосымша

2022 жылға арналған Темір қаласы бюджеті

Санаты				Сомасы, (мың теңге)
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	

			I. Кірістер	52 767
1			Салықтық түсімдер	6 390
	0011		Табыс салығы	150
1	01	2	Жеке табыс салығы	150
1	04		Меншікке салынатын салықтар	5 240
1	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	340
1	04	3	Жер салығы	300
1	044	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 600
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 000
2			Салықтық емес түсімдер	470
2	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	470
2	06	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	470
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 210
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 210
		1	Жерді сату	1 210
4			Трансферттердің түсімдері	44 697
4	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	44 697
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	44 697

Функционалдық топ					Сомасы, (мың теңге)
	Кіші функционалдық топ				
		ББ әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				II. Шығындар	52 929,6
01				Ж а л п ы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	38 260,8
	1			Мемлекеттік басқарудың ж а л п ы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	38 260,8
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38 260,8
			001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38 260,8
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	14 668
	3			Елді-мекендерді көркейту	14 668
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 668
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 900

			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 600
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н кеғалдандыру	8 168
15				Трансферттер	0,8
	1			Трансферттер	0,8
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,8
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	0,8
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0

Санаты				Сомасы, (мың теңге)
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0

Функционалдық топ					Сомасы, (мың теңге)
	Кіші функционалдық топ				
		ББ әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	

				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 162,6
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	162,6

Санаты				Сомасы, (мың теңге)
	Сыныбы		Атауы	
		Кіші сыныбы		
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	162,6
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	162,6
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	162,6